

Бөбекжай – біздің екінші үйіміз .

Бала тәрбиесі балабақшадан басталады, өйткені әрбір мемлекеттің болашағы балабақшадан басталады.

Ал барлық тәрбие мен білімнің бастауы балабақшадан басталатындығы бәрімізге мәлім.

Балабақша-баланың жаңа өмірге алғашқы қадамы.

Себебі, балабақшада оны күткен өзі қатарлас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын жаңа ұжым бар.

Балабақшада тәрбиеленуші таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

Елімізде жыл сайын балабақшалар ашылып, балалардың балабақшаға тұру кезегі азайып келеді.

Балалардың бақытты мекені балабақшалар жыл өткен сайын заманауи үлгідегі, барлық талаптарға сай жасалып, балаларымызды қуантуда.

Жас ұрпақ тәрбиесі-еліміздің мәңгілік тақырыбы.

Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты.

Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең жауапкершілігі мол жұмыс.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы:

Балам дейтін ел болмас, елім дейтін бала қайдан болсын деген екен.

Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде.

Адам баласы балалық шақта қандай сұлу, қандай нәзік, қандай аңғал, қандай таза еді....

Әр бала өзінше бір әлем.....

Жаны жақсылыққа құмар, арманшыл.....

Мен балаларды жанымдай жақсы көрем

Өйткені бала мен үшін тазалық пен пәктіктің, шынайылық пен туралықтың айнасы.

Олар жаны жалғандықты, жасандылықты сүймейді, не айтса да әділ, шындықты айтады.

Көздері мөлдіреген, күлкі ойнаған балаларға қарасаңызшы.....

Балабақша-бақыт мекені. сыңғырлаған пәк сәбидің күлкісі, бақытты балалық шақтың дәмі, ұмытылмас қуанышты күндер, екінші анасына айналған тәрбиеші апайлар.

Бөбекжайдың басты міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету.